

 КӨМБЕ

# Сәдуақас Шормановты білеміз бе?

(Соңы. Басы өткен сандарда)

Сәдуақас 1897 жылдың қазан айында әкесі Мұсаның этнографиялық шығармаларының, 3280 жол қазақ ақындарының (оның ішінде Абай мен өзінің де өлеңдері бар) және 178 қазақ мақалының басын қосып, 163 беттік өз қолымен, араб әрпімен жазылған жинақты кітап қылып бастыруға Санкт-Петербургтегі мұсылман баспаханасының иесі Ілияс Борағановқа барады. Бірақ сырқаттанып, барған мақсатының сәті түспей, қолжазба жинақты сондағы университеттің профессоры, қазақ тілі мен әдебиетін зерттеуші П.И.Мелкоранскийге тапсырып, өзі жедел елге оралады. Қазір ол қолжазба Санкт-Петербургтің Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасындағы академик А.Н.Самойловтың архивінде сақтаулы екені белгілі.

Біржан салдың ақын Сара қызбен айтысында: «Мұсаның бел баласы Сәдуақас, құтқарған сан қыранды түскен тордан...» - деуі, сірә, тектен-текке айтылмаған болар. Ол Қаз дауысты Қазыбек би дананың тікелей бесінші ұрпағы, әнші-композитор Мәди Бәпиұлын түрмеден босатып алуға қол ұшын бергені жөнінде ел аузында қалған әңгіме бар.

Сөкен ағай қарақан басынан гөрі халқының қамын жеген азамат болған. Осы жайлы таратыңқырап айтсақ, Сәдуақас Шорманов Омбы қаласында 1888-1893 жылдары шығып тұрған «Акмолинские областные ведомости» газетінің қосымшалары саналатын орыс тілінде «Особое прибавление к

дің беттерінде Сәдуақастың қазақ халқының әлеуметтік жағдайы, шаруашылығы, ел басқару, оқу-ағарту ісі, мәдени өмірі, әдет-ғұрпы туралы көкейтесті мәселелерге арналған мақалалары басылды. 1989 жылдың шілде айында осы жолдардың авторы Омбы облысының мемлекеттік мұрағатында 1895-1925 жылдардағы Екібастұздың көмір өндірісі жайында материалдарды іздестіріп жүргенде, жоғарыда аталған газеттердің әр жылдардағы тігінділерінен Сәдуақастың 12 мақаласын оқыған еді. Сол мақалалардың қай жылдары, қай газеттің қай санында басылғанын көрсететін тізімді төмендегі кесте арқылы көрсетуді жөн көрдім (Кесте).

Енді «Дала уалаяты газетінің» 1890 жылғы 18-санында жарияланған Сәдуақас Шормановтың бүркіті туралы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Ғажайып бір құс заманымызда» деген мақаласын толық жазып келтірелік.

«Павлодар оязының Ақкелін елінің Сәдуақас Мұса ұғлы Шормановтың Орал тауынан шыққан жақсы бүркіті бар еді. Бұл Сәдуақас Мұса баласының қолында жиырма жылдай салынып, мұнан бұрын ілгергі пәсінде бірнеше жыл салынған құс екендігі Көкшетау тарапындағы Уәлихановтардың һәм мағлұмы еді.

Сол жануарды өткен 1889 жылдың ішінде біреудің бір жаман бүркіті алып қанатын жаралап, ескермей сол жарасымен салып жүріп жарақатының зақымынан суықта қанаты үсіп кетіп, мән бәгид салуға жарамай қалды.

«Жаманның кесепаты тиер һәр жер-

оңдылығы әр жерде бүркіт салып, түлкі алғызушылардың мағлұмы еді. Бұған Бина бұл жиырма жыл ғұмырының ішінде қылған қызметін ақшаға арзан қойғанда үш теңгеден түлкі басын есептесек, тоғыз жүз теңге. Оның бұл пайдасынан бөлек алған қызықтығы мехнәт уә машақатының тақабілінде тұрсын, біздің қазақ халқы бүркітті пайда үшін салмайды, қызығына құмарланып сол үшін машық қылып ұстайды. Осы жануарды аман отырғанда Ташкент шаһарында уақиғи болашақ выставкаға апарамын деген үміт бар еді. Нәмене, боқ басында қор болып қалды. Дүние шіркіннің қызығы таудай болса да ақыры бір осындай болып қалмақ бар екен».

Тағы бір ерекше айта кетер жайт, Мұхаметғали Төлебайұлының «Дала уалаяты газетінің» 1890 жылғы 19-санында басылған «Қарқаралыдан хат» атты мақаласында: «Газет оқушыларға Баянауладан екі кісінің сөзі ұнамды тиіп, көңілденіп оқиды. Бірі Сәдуақас Мұсаұлы Шорманов дегеннің сөзі, атасы жақсы болған адам еді. Жақсының баласы жұртқа жөнсіз сөзді айтпайды ғой деп, бірі Жүсіп Көпеев деген, сөзді, қара сөзін болса да, өлеңмен болса да дәмді болып және осы замандағы адамдардың қылып жүрген ісіне тура келген соң уә һәм бағзы нөмірлерде көрінеді», - деп өз пікірін білдіруі – еш шүбә жоқ шындық.

Сәдуақас ақындығы, құсбегілік, қоғамшылдық қасиеттеріне сай табиғат сүйгіш эколог та болғанын оның «Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям» (1888-1893) газетінің 1889 жылғы №10 санында жарияланған «О

Сиыршы ауылында усули-жадит үлгісіндегі мектеп ашады. Мұндағы араб тіліндегі «усули – тағлым, жадит – жаңаша» деген сөздер. «Насихат қазақия» кітабы 2009 жылы Алматыдағы «Орхан» баспасынан «Зейнелғабиден әл-Жаухари әл-Омскауи» деген атпен басылып шықты.

1914 жылы Сәдуақастың өлеңдері Уфа қаласында шығатын «Шора» деген журналдың бетінде жарық көрді. Және осы журналда оның татар халқының ұлы ақыны Ғабдолла Тоқайдың «Мия бике» деген өлеңіне байланысты жазған сын мақаласы да жарияланды (қараңыз: Бейсенбай Кенжебаев. Асау жүрек. Алматы, «Жазушы», 1968. 20-бет).

Сәдуақастың ұрпақ санатындағы Напиға есімді жалғыз қызы Қаржас руы ішіндегі Сатылған – Қоныс аталарына жататын Шоман қажының шөбересі Рахметолла баласы Сұңғатоллаға тұрмысқа шығады. Сұңғатолла - геология-минерология ғылымдарының докторы, Қазақ КСР-нің және КСРО мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Финет Рахметоллаұлы Бекжановтың (1927-2015) туған ағасы. Сәдуақастың Напиғадан туған жиендері Роза мен Кларадан өрбіген жиеншарларының бүгінде бар екендігі жоғарыда айтылды.

Осы жерде Напиға Сәдуақасқызының бүгінгі ұрпақтарына дейін жазудағы мақсатымыз – осылардың нағашылары боп саналатын Шорман бидің ұрпақтарымен жете танысып, екі жақты бірлесіп, түбінде Сәдуақастың әр түрлі басылымдарда жарық көрген еңбектерін және ел аузында сақталған өлеңдерін жинастырып, оларды үлкен

Акмолинским областным ведомостям» және қазақ тілінде «Дала уалаяты газеті» деген басылымдардың белсенді тілшісі болған. 1894 жылдан «Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям» газетінің орнына екі тілде шығатын газет ұйымдастырылып, оның орыс тіліндегісі «Киргизская степная газета» деп аталса, қазақ тіліндегісі «Дала уалаяты газеті» деген атпен шыға берді. Аталмыш газеттер 1888-1902 жылдары аптасына бір рет шығып тұрды. Міне, осы газеттер-

де, жақсының шарапаты тиер тар жерде» деген мақалдың алдыңғысына тура келіп жылында жиырма-отыз түлкі алмаған қысы кем еді. Бұл тарапта түлкінің аздығынан осыдан көрінгенін жібермей алып жүрген, болмаса түлкінің көп жерінде мұнан да көп алатын өнерлі құстардан еді. Жылына он бестен қойып орташа есептегенде, жиырма жылда үш жүз түлкі, екі қасқыр алған екен және бүркітпен алған тау түлкілері Қоянды уә Қараөткел жәрмеңкелерінде сақталатұғын түлкілерден екі есе

вреде палов» (Даладағы өрттің зияны. - С.Ж.) деген мақаласынан аңғаруға болады. Бұл мақаланы осы жолдардың авторы қазақшалап, Ақмола (қазіргі Астана) қаласында шығатын «Сарыарқа» атты әдеби-көркем, қоғамдық-саяси журналдың 1992 жылғы №6 санында бастырған болатын-ды. Және осы мақаланы Айтжан Бәделхановтың 2007 жылы Павлодар қаласында басылып шыққан «Сәдуақас Шорманов» деген кітабының 161-бетінен де оқуға болады.

XX ғасырдың басында Ресей үкіметінің әкімшілігі қазақ болыстарында қазыналық мектептер ашуға жарлық шығарып, Павлодар уезінің Ақкелін мен Маралды болыстарында 1903 жылы алғашқы бастауыш орыс-қазақ мектептері ашылады. Бір жылдан кейін нақ сондай бастауыш ұялары Баянауыл, Тереккөл және Шақшан болыстарында да шаңырақ көтерді.

Өз ауылында тұңғыш ашылған мектепке қамқоршы болған Сәдуақас інісі Біләлдың баласы Жанмұхаммедтің екі бөлмелі ағаш үйін тарту етіп, әмбе осы оқиғаға арнап той да жасайды. Бұл оқу ұясын төңіректің жұрт шу дегеннен «ағаш үйдегі мектеп» деп атаған-ды. Осы мектептің мұғалімі шоқынған татар отбасынан шыққан Қазан қаласының оқытушылар семинариясын үздік бітірген Григорий Васильевич Терентьев еді.

1909 жылы Уфа қаласындағы «Шарх» баспасында жарық көрген діни ағартушы, публицист Әміреұлы Зейнелғабиденнің (1881-1920) «Насихат қазақия» атты трактаттар жинағына Абай Құнанбаев пен Сәдуақас Шормановтың өлеңдері де енгізілген. Демек, Зейнелғабиден Абай мен Сәдуақасты түркі әлеміне алғаш таныстырушылардың бірі болып саналады. Зейнелғабиден қазіргі Омбы облысындағы Саға ауылында өмірге келіп, Уфадағы әйгілі «Ғалия» атты медресені төмамдап, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданындағы

кітап қылып бастырып шығарса деген ой. Осы ойдың тұжырымды иіні келгенде, асыл текті Сәдуақастай жерлес ақын азаматты мәңгі есте қалдыру шараларын ұйымдастыру Павлодар облысының бүгінгі зиялыларының тарих алдындағы борышы деп айтқан болар едік.

Сөз соңында, Шорман бидің бауыры Әжанның немересі Аспандиярдың қызы Мағмураның қолында сақталған Шорман әулетіне қатысты қолжазба материалдардан XX ғасырдың 60-шы жылдары осы жолдар авторының көшіріп жазып алған Сәдуақастың бес шумақ өлеңімен оқырмандарды таныстырып, әңгімемізге нүкте қойсақ деймін.

*«Кіші деп қол жұмсама кішкенеге,  
Кіші жоқ бұл дүниеде ештеңе де.  
Шаңнан - жер, топырақтан тау  
тұрады,  
Кірпішсіз үлкен орда істелер ме?»*

*Асығу, ашулану – сайтан ісі,  
Бұларға жол бермейді жақсы кісі.  
Кемге – рахым, қазаға сабыр қылар,  
Жеңдіріп ақылына білген кісі.*

*Денің сау, аяқ-қолың аман болса,  
Баста ми, көкіректен санаң болса.  
Сүйікті алған жарың жақсы болып,  
Өзіңе ықыласты адал болса.*

*Қонақтан қымтырылып қысылмаңыз,  
Кісіге ас беретін шамаң болса.  
Кісі түгіл өзіңді жарытпайды,  
Әйелің өзі мешкей, сараң болса.*

*Балаңның көп болғанмен пайдасы жоқ,  
Ақымақ, ақылы жоқ, надан болса.  
Жасыңа жетпей бұрын қартаясың,  
Астыңа мінген алтын атың шабан  
болса».*

**Серік Жақсыбаев,  
Екібастұз қаласының Құрметті  
азаматы, КСРО  
журналистер одағының мүшесі**

Газеттердің аттары	Газеттердің шыққан жылдары	Газеттердің шыққан күні немесе нөмірлі саны
«Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям»	1888	15 шілде
«Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям»	1889	3 наурыз
«Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям»	1889	10 наурыз
«Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям»	1889	15 желтоқсан
Дала уалаятының газеті	1890	№3
«Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям»	1890	19 қаңтар
«Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям»	1890	26 қаңтар
Дала уалаятының газеті	1890	№13
Киргизская степная газета	1894	31 шілде
Киргизская степная газета	1897	1 маусым
Киргизская степная газета	1899	21 ақпан
Киргизская степная газета	1902	5 наурыз